

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Нурмаков Н. Строительство Казахстана. - Кызыл-Орда, 1929. –С. 9.
- 2 Советская степь.- 1924. – 4 декабрь. –С. 3.
- 3 Қазақстан Республикасының Орталық мұрағаты, 74 – қор, 2 – тізбе, 188 – іс, 29 – парақ.
- 4 Советская Киргизия. – 1925. № 2. – 158-160.
- 5 Резолюции первого Всекиргизского Землеустроительного совещания (11-19 февраля 1925 г.) – Оренбург, 1925. – С.19.
- 6 Токтабаев К. Г. Об основах политики землеустройства в КССР// НХК. – 1928. – январь. – С.17.
- 7 ҚРОММ., 30 – қ., 1– т., 441 – іс, 115 – п.
- 8 Советская степь. – 1926. – 26 мая. – С.3.
- 9 ҚРОММ., 30 – қ., 1 – т., 699 – іс, 6-8 – п.п.
- 10 ҚРОММ., 30-қ., 1-т., 728-іс, 110-116-п.п.
- 11 Советская степь. – 1927. – 25 декабря. (№ 272). – С.4.
- 12 Бұл да сонда, 1927. – 18 декабря. (№ 291). – С.4.
- 13 ҚРОММ., 30 – қ., 1– т., 275 – іс, 75 – п.
- 14 Бұл да сонда, 74 – қ., 4 – т., 619 – іс, 14 – п.

НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ

Қасымова С.С., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
saule.saken2010.kasimova@mail.ru

*«Ұлттық егемендік – шынжырларды балқытып,
тәж бен тақтарды күйрететін күшті нұр.
Ұлттардың құлдығына негізделген құрылым
қайда болса да құлайтыны анық»*

Мұстафа Кемал Ататүрік

Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық ұлт тарихының қаралы беттерінің бірі. Жарты ғасырдан аса айтуға тыйым салынып, құпияланған архив қорлары тарихшылар мен зерттеушілерге қол жетімді болған тәуелсіздік кезеңінде ашаршылық тақырыбына көптеген ғылыми-зерттеу еңбектері жарық көрді. Кейінгі жылдары мәселенің мемлекеттік деңгейде қойылуының нәтижесінде құжаттар мен деректердің том-том жинақтары баспадан шығып, өз зерттеушілерін күтуде. Екі миллионнан аса адамды баудай түсіріп, қазақ халқына орны толмас қасірет әкелген азалы зұлматтың жаңғырығы өшпек емес, уақыт озған сайын ақтандақтары ашыла түседі. Ел басына күн туып, ер сыналған шақта туған халқының тағдырына араша түсіп, ашаршылық зобалаңына қарсы күрескен қазақтың аяулы перзенті – Нығмет Нұрмақов.

1929-1931 жылдары Мәскеудегі екі жылдық марксизм-ленинизм курсына оқып, сәтті аяқтаған Н.Нұрмақов 1931 жылы 13 наурызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Президиумының қаулысымен БОАК Президиумы жанындағы Ұлттар бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды [1, 4 б.]. Осы күнгі қаулымен Н.Нұрмақовқа Орталық сайлау комиссиясын басқару жүктеліп, амнистия туралы өтініштерді қарау комиссиясының да құрамына кірді [2, 2-3 бб.].

Бір апта бұрын 6 наурызда БОАК-нің XV шақырылған I сессиясы өтті. Күн тәртібінде БОАК Президиумына мүшелер мен кандидаттарды және БОАК-нің жеке құрамын сайлау

мәселесі қаралды. БОАК Президиумының жаңадан сайланған 19 адамнан тұратын құрамына Н.Нұрмақов та кірді. Сонымен қатар Н.Нұрмақов пен Н.Новиков БОАК Президиумы хатшысының орынбасарлары болып бекітілді [3, 1 б.]. Жаңа лауазымдық өзгерістерге байланысты БОАК Президиумының хатшысы А.Киселевтің берген мінездемесінде: «Новиков БОАК-де бірнеше айдан бері жұмыс жасап келеді, бұрын Солтүстік Кавказ өлкесіндегі іргелі ауданның округтік комитетінің хатшысы болған, тәжірибелі коммунист», «Нұрмақов жолдас бұрынғы Қазақстанның Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы, жақында марксизм курсын бітірді, өте жігерлі, іскер қызметкер» деп көрсетілді [4, 29 б.]. Осыған қарап Н.Нұрмақовты Мәскеуде қызметке қалдыру туралы КСРО басшысы Сталин мен БОАК төрағасы М.И. Калининнің арасында келісілген деуге болады. Әрине, мұндай шешімге Н.Нұрмақовтың 1922-1929 жылдардағы Қазақстан басшылығындағы қызметі мен тәжірибесі, іскерлік сапалары негіз болғаны анық. Осылайша оның мемлекеттік қызметінің мәскеулік кезеңі басталды.

Жырақта жүрсе де Қазақстанның келешегі Н.Нұрмақовты үнемі толғандырды, ел тағдыры көкейінен бір сәт те кеткен емес. Бес жылға жуық Қазақ үкіметін басқарғанда өзі мұрындық болған өзгерістер, республиканың жай-күйі оған аян болатын. БОАК-дегі қызметінде Қазақстан үшін қолынан келген көмегін аямады. Туындаған мәселелерді республиканың мүддесіне шешіп берген кездері аз болған жоқ.

Зерттеулерде Н.Нұрмақовтың Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде халықты құтқару үшін белсенді қызметі жайында айтылады. Нығметтанушы ғалым Б.Қабдөшев өзінің ҚР ҰҚК архивінің құжаттарына сүйенген зерттеуінде Н.Нұрмақовтың аштық нәубеті кезінде елдің мұңын жоқтап, одан құтқарудың жолдарын ойластырғанын айта отырып, 1927-1930 жылдардағы *БОАК Президиумының мүшесі* Ә.Досовтың тергеу кезіндегі көрсетулерін келтіреді. *Ол Мәскеуде марксизм курсында оқыған Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің бұрынғы төрағасы Н.Нұрмақовпен жиі кездесіп тұрғанын, оның үйінде қашанда қазақстандық қызметкерлер, Мәскеуге іс-сапармен келген халкомдардың жиі бас қосатынын, 1930 жылы қаңтар айының аяғындағы сондай бір кездесуде Н.Нұрмақовтың Қазақстанда масқара асыра сілтеушіліктер мен бассыздықтар орын алып, халықтың ашаршылықтан шыбындай қырылып жатқанын айтып, ашуға булыққанын, Орталық Комитетке хабарлауға фактілер жинастырып жатқанын естігенін жеткізеді. Әрі қарай өз ойын 1932 жылы сәуір айында Тәтімөв екеуінің Нұрмақовтың Өлкелік комитетті саяси беделден айыру үшін ұсынған келесі шараларына қолдау білдіргендігімен толықтыра түседі:*

1. Өлкелік комитеттің өзі ұсынып отырғанындай, коллективтендіруді күшейту керек. Оған қарсыласудан еш пайда жоқ.

2. Елден ауа көшу көбейіп барады. Халық көршілес облыстарға қарай босып жатыр. Халық бостан-босқа қырылмауы және оларға Мәскеу де назар аударуы үшін босқындарға Сібір, Самара, Саратов, Сталинград губернияларына, Орал жаққа қарай бағыт алуға кеңес беру керек. Біріншіден, бұл жерден олар нан таба алады. Екіншіден, көршілес облыстағылар көңіл аударады. Н.Нұрмақов М.И. Калининнен Самара обкомының хатшысы Хатаевич пен Сібір өлкелік комитетінің хатшысы Әйхенің ОК-ке Қазақстандағы жағдай туралы хат жазғандарын естіпті.

3. Қазір асыра сілтеуге қарсыласудан келер еш пайда жоқ. Кадрлардан текке айырылып қаламыз, оларды партия шығарып жібереді. Төреғожиннің айтқан сөзін тыңдаған кім бар? Олай істесек, бізді де ақымақ қылады» Сонымен қатар Ә.Досов, Н.Нұрмақовтың Орталық Комитеттегі нұсқаушылар арасында Қазақстандағы ахуал туралы пікір тудыруды тапсырғанын, өзінің оны жауапкершілікпен орындағанын айтады [5, 86-87бб.]. Н.Нұрмақовтың табиғатына тән ұстанымы, қайсар мінезі, өзекті өртеген шындықты батыл айтып, қол қусырып отырмай нақты жасаған ұсыныстарының қазақ басшыларының тарапынан қолдау тапқаны, бірлесіп әрекет жасауға тырысқаны, Қазақстандағы жағдайды көршілес орыс губерниялары басшыларының атынан естіртуге күш салғаны жайлы ғалым

Б.Қабдөшевтің тұжырымдарымен келісеміз. Біз зерделеген жаңа архив құжаттары да бұған көз жеткізіп отыр.

Ресей Федералды қауіпсіздік қызметінің Орталық архивіндегі Н.Нұрмақовты айыптау ісіндегі оның өз сөзіне жүгінейік. 1937 жылы 25 маусымда КСРО ІХК Мемлекеттік қауіпсіздік Бас басқармасының қызметкерлері Айзенберг пен Ряснойға берген көрсетулерінде Н.Нұрмақов ұжымдастыру кезіндегі Қазақстанның ауыл шаруашылығы басынан кешкен қиындықтарды атап өтеді: тәркілеу кезіндегі жағдайдың шиеленісуі; байлардың қарсылық көрсетуі; Қазақстан басшылығының жіберген қателіктерінен мал шаруашылығының күрт құлдырауы; іс қазақ халқының республикадан жаппай көшіп кетуіне дейін жеткен[6]. Анығында тергеушілердің сұрағы «Сіздің 1930-1933 жж. контрреволюциялық қызметіңіз нақты неден көрінді?» болғанымен Н.Нұрмақов контрреволюциялық әрекет туралы бір ауыз сөз айтпады, күштеп ұжымдастыру туғызған ауыл шаруашылығының нақты көрінісін ұсынды.

Нұрмақовтың жауабында ұжымдастыру саясатының әлсіздіктері мен кемшіліктері дұрыс көрсетілді және жағдайды түзетудегі өзінің іс-қимылы жайлы әрі қарай ол былай деді: «Қазақстан басшылығының ұлыдержавалық-шовинистік, отаршылдық саясат жүргізіп жатқандығына көз жеткізген соң, барлық ұлтшылдар онымен күрес жолына түстік. Мен Қазақстандағы мал басының қырылуы мен аштықтың себептерін Ф.Голощекиннің шовинистік, отаршылдық саясатының салдары деп бағаладым және бұл ойымды Ж.Сәдуақасов, Ә.Өтекин, М.Тәтімөв, С.Мұқановтармен бөлістім. Өздері де наразы олар менің пікіріммен келісіп, наразылықтары күшейді. Қазақстан басшылығы ауыл шаруашылық жағдайын әдейі көтеріп, мал басы туралы жалған ақпарлар беріп, адам өлімін жасырып отыр дедім. Бұған бір ғана себеп Ф.Голощекин мен О.Исаевтың отаршыл басшылығы және жергілікті басшылардың жауапсыздығы екенін айттым. Мен З.Төреғожинмен, Ш.Тоқжігітовпен хат алысып тұрдым»[6]. Сонымен қатар Ж.Сұлтанбековтың Қазақстандағы сорақылықтар туралы хабарлағанын, ал өзінің оған жағдайдың себептерін және республика басшылығына көзқарасын білдіргенін жеткізеді.

Құжаттар көрсеткендей, Ф.Голощекин ойлап тапқан «топшылдар» мен «жікшілдер», оларды қуғындау сын сағатта қазақ қайраткерлерінің бірігуіне кедергі бола алмаған. Олардың Орталықтағы жауапты қызметтегі Н.Нұрмақовтың төңірегіне топтасып, үміт артқаны байқалады. Н.Нұрмақовтың халық басына түскен нәубетке күйзелісі, тығырықтан шығудың жолдарын іздеген жанайқайы айқын көрінеді. Ф.Голощекиннің мінез-құлқына, оның айғайшыл, ұраншыл әдістері мен ол қалыптастырған ахуалға жақсы қанық ол елден жеткен, қазақ қызметкерлері жеткізген хабарларды таразыға салып тұжырымдап, ортақ пікір қалыптастырды. Мал басының азаюы мен ашаршылықтың себептерін ашық, дәл айтып, Ф.Голощекин мен оның төңірегінің қателіктерін батыл әшкереледі.

«Контрреволюциялық ұлтшылдық» Н.Нұрмақовқа тағылған басты айып болды. Тергеушілер Н.Нұрмақовтан Рысқұловтың контрреволюциялық ұлтшыл ұйымымен қалай біріккенін айтуды талап етті. Нұрмақов болса жағдайды шынайы, мұқият баяндады. Мәскеуде бұған дейін Т.Рысқұлов екеуінің кездеспегенін, олардың алғаш 1931 жылы Т.Рысқұловтың Кремльдегі кеңсесінде кездесулеріне Қазақстандағы мал шаруашылығының төмендеуі, халықтың ашаршылықтан қырылып жатқаны себеп болғанын, Т.Рысқұловтың барлық қазақ қызметкерлері ұйымдасып күресу керегін айтқанын, С.Қожановтың да сондай ойда болғанын, өзінің Қазақстан басшылығына деген көзқарасына Т.Рысқұлов пен С.Қожановтың қанағаттанушылық білдіргенін, жағдайды пайдаланып бәрі Ф.Голощекинді орнынан алу туралы келіскендіктерін айтып [6], ешқандай контрреволюциялық мақсатты көздемегендерін, бас қосудың объективті себептері болғанын, оған негіз болған факторларды түсіндірді. Сөйтіп, контрреволюциялық ұлтшыл ұйым деген өтірікті жоққа шығарды.

Тергеушінің «Рысқұловтың «ұйымдасып күресу» дегенін қалай түсіндіресіз және ол қалай іске асырылды?» деген сұрағына Н.Нұрмақов Т.Рысқұловтың жағдайды баяндап, Қазақстаннан көпшіліктің қолын жинап, БК(б)П ОК-іне хат жазу керегін ұсынғанын, алайда

қол жинау топшылдық туралы күдік туғызатындықтан өзінің оған қатыспағанын, хатты жеке жазуды ұйғарғанын айта келе, «бірақ мен хат жазбадым, Орталық Комитетке, үкімет басшыларына кіріп, Қазақстандағы жағдайды баяндадым» - деп, мәлім етті [6].

Белгілі ғалым Т.Омарбеков Н.Нұрмақовтың 1931 жылы М.Мырзағалиевпен бірге Сталиннің қабылдауында болып, Қазақстандағы Ф.Голощекиннің елге әкелген зобалаң саясатынан хабардар еткені туралы Ф.Голощекиннің Сталинге жазған құпия хаты барын жазды [7, 95 б.].

Сонымен деректер көрсеткендей, екі қайраткердің (Ә.Досов және Н.Нұрмақов – авт.) көрсетулері және Т.Омарбековтың деректері бірін бірі толықтырып, Н.Нұрмақовтың Қазақстандағы ашаршылыққа қарсы күресіне толық куәландырады.

Көріп отырғанымыздай, елдегі ашаршылық жағдайы белгілі болған соң Орталықтағы Н.Нұрмақов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов сынды қазақ қайраткерлері халықты апаттан құтқаруға тырысып, оның жолдарын ойластырған. Т.Рысқұловтың Сталинге 1932 жылы 29 қыркүйекте және 1933 жылы 9 наурызда жазған екі хаты белгілі. Н.Нұрмақовқа келсек, оның «ұйымдасып хат жазу топшылдық туралы күдік туғызар дедім» деуінде негіз де жоқ емес. Ф.Голощекин Қазақстанға келісімен қазақ қайраткерлерін «сейфуллиншілдік», «сәдуақасовшылдық», «қожановшылдық» және т.б. жіктерге бөліп, оған Н.Нұрмақовты да жатқызған болатын [8, 168 б.]. Олай болса хатты неге өзі жеке жазбады деген сұрақ туады, түсіндіріп көрелік.

Жалпы, ашаршылық туралы ақпараттар жетіп артылды деуге болады. Қазақ қызметкерлерінің айтқандары, елден жеткен хабарлар еш шүбәсіз болатын. Зұлматтың өршіп, шегіне жеткен 1932 жылы Н.Нұрмақовтың өзі де елдегі әке-шешесін Мәскеуге қолына алдырып, қамқор болған еді. Біздің ойымызша, Н.Нұрмақовқа Сталинге, Орталық Комитетке хат жазу үшін аштықтан нақты адам өлімін, мал санының кемуін айғақтайтын сандық, статистикалық ресми мәлімет керек болды. Өйткені ресми құжатсыз Сталиннің сене қоюы екіталай. Бұл ретте Қазақстанның өлкелік комитеті мен республика үкіметінің ресми мәліметі ғана заңды болып табылатынын ескеру қажет. Ашаршылық туралы хабар берген алғашқы ресми құжат Қазақстан Халком Кеңесінің төрағасы О.Исаевтың қолымен 1932 жылы мамырда жазылғаны мәлім. Олай болса Н.Нұрмақовтың хат жазуын дәлелдердің жеткіліксіздігі емес, ресми құжаттың болмауы тежеді. Сондықтан ол дұрыс шешім қабылдады, уақытты оздырмай Орталық Комитетке өзі барып, Қазақстандағы ашаршылық апатын хабарлап, дабыл қақты. Жоғарыдағылардың назарын аударып, тезірек халықты құтқаруға, сорақылықтар мен бассыздықтарды тоқтатуға шақырды. Ашығын айту керек, «топшылдыққа» айыпталып, Ф.Голощекиннің қудалауының небір құқайын көрген Н.Нұрмақовтың орнында басқа біреу болса ендігі жағдайда жоғары лауазымдағы жаңа қызметіме кесірі тиер деп, басын аулақ ұстап, үндемей отырар еді. Алайда Н.Нұрмақов үшін ұлт мүддесі – басты ұстаным болатын. Олтуған халқының алдындағы азаматтық парызды бәрінен жоғары қойды, қазақ қызметкерлерін қуғынға іліктірмей, бар жауапкершілікті өз мойнына алды.

Сталин Н.Нұрмақовтың өз ұстанымына беріктігін, табанды мінезін, кез келген жағдайға оңай тізе бүгіп, бас ұра қоймайтынын жақсы білетін. Сондықтан оның айтқандарын мұқият тыңдады деп ойлаймыз. Хабарланған фактілердің Сталинге ұнамауы әбден мүмкін. Өйткені ол өзінің жүргізіп отырған саясатына қарсы айтылған сынды қабылдай алмайтын, төзбейтін. Оған дәлел - халық жадында «Жағалаудағы үй» деген атпен қалған Мәскеудегі Н.Нұрмақов тұрған үйдің 30-жылдардағы тұрғыны Т.Шмидтің естеліктері. Қасіретті жылдардың куәгері 1932 жылы Қазақстан мен Украинадағы ашаршылықтан қашқан босқындардың Мәскеудегі туыстарын паналап, жан сақтағанын айта келе, Сталиннің ол туралы естігендегі мінез-құлқы туралы былай дейді: «Голод в стране. Все знают о голоде, но наши правители не хотят слушать об этом. Положено было год от года «жить лучше и веселей». И когда Роман Яковлевич Терехов, секретарь ЦК КП(б) Украины, посланный в Москву к Сталину, рассказывает ему о голоде на Украине, вымирании целых сел, - тот грубо перебивает Терехова: «Выдумали сказку о голоде, думаете нас запугать». Через несколько дней Роман Яковлевич был снят со всех своих постов. Чудом уцелел» [9, 1276.]. Бұл

Сталиннің қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынасындағы күдігі мен сезікшілдігін көрсетеді. Ол Н.Нұрмақовтың айтқандарына да сенімсіздік білдірді.

Қорыта айтқанда, КСРО басшылары 1931 жылдың өзінде Қазақстандағы ашаршылық туралы хабардар болған. Сталин Н.Нұрмақовтың сөзіне құлақ асып, жедел шаралар қолданғанда ашаршылықтың алдын алып, мыңдаған адам аман қалар еді. Сөз жоқ, ол Н.Нұрмақов жеткізген жайларды Ф.Голощекинмен сұрады. Біздің ойымызша, ғалым Т.Омарбеков айтқан Ф.Голощекиннің Сталинге жолдаған құпия хатында нақты жағдайды теріске шығарып, бұрмаланған, ақиқаттан алшақ ақпараттар берілгені күмән тудырмайды. Сталиннің Ф.Голощекин сияқты сенімді жандайшабы тұрғанда кезінде Орталықтың Қазақстандағы жаппай жерге орналастыру, қазақтың бай-ауқатты шаруашылықтарын тәркілеу саясатымен келіспей, айқасып өткен Н.Нұрмақовтың сөзіне құлақ асу, әрине, үмітсіз болатын.

Н.Нұрмақов қарап отырмайды, БОАК-нің атынан Ресейдің Қазақстанмен шекаралас облыстарындағы босқындар санын, олардың хал-жағдайын анықтап, білу үшін жеделхаттар жібереді. Солардың бірінде «Уфа. Башқұрт Орталық Атқару Комитетіне, Мәскеуден. Дереву телеграф бойынша БОАК-ге Қазақстаннан сіздердің өлкелеріңізге келген шаруашылықтардың шамамен санын, әсіресе балалардың қандай жағдайда екенін хабарлаңыздар. БОАК хатшысының орынбасары Нұрмақов» - делінген [5, 87 б.].

1932 жылы 17 ақпанда Н.Нұрмақов БОАК төрағасы М.И. Калининге, БОАК Президиумының мүшелері А.С. Енукидзе мен А.С. Киселевкехат жолдады. Онда қазақтардың Ресейдің Орта Еділ, Төменгі Еділ және Батыс Сібір өлкелері мен Башқұрт республикасына, Орта Азияға жаппай көшіп жатқаны, нақты дерек болмағанымен Соль Илецкіде 13 мың, Орта Еділ өлкесінде 200 мың, енді бір ақпарат бойынша 100-50 мың қазақ босқындарының жайлағанын хабарлап, оларға дереу нақты көмек көрсету шараларын жасау, қазақтардың Қазақстаннан кету себептерін анықтап, келешекте бұл құбылысты тоқтату шараларын қолға алу қажеттігін талап етті [10, 131-132бб.]. Сонымен қатар мұны Қазақстан басшысы Ф.Голощекиннің бұрын өзінің тұрған жерінен ешқайда шығып көрмеген қазақтардың республика ішінде басқа жерге қоныс ауыстырып, көршілес Ресей аумағына дейін барып өндіріске араласып, мәдениетке үйренгені, кеңестік өмір салтының жетістігі етіп көрсетіп, нақты жайды жасырып, бұрмалап отырғанын сынға алды.

Белгілі ғалым Қ.Алдажұмановтың айтуынша, XX ғасырдың 30-жылдары республикадағы 5,5 млн. халықтың аштан қырылғаны 2 млн. 200 мың болса, оның 1 млн. 750 мыңы қазақтар. 1933 жылы Қазақстан басшылығына Л.Мирзоян келгеннен кейін де жағдай бірден онала қоймаған. Көрші республикалар мен алыс-жақын шетелдерге кетіп қана қоймай, қазақтар Кеңес Одағының Архангельск, Мурманск сияқты алыс өлкелеріне дейін барып, өндіріс орындарында, трестерде ауыр жұмыстарға жалданған. КСРО үкіметінің қолдарына жетерліктей қаржы беріп, оларды Қазақстанға қайтару туралы жарлығынан кейін мекеме басшылары ешқандай азық-түлік, қаражатсыз жіберген қазақтардың Мәскеуге жетуге ғана шамалары келіп, көпшілігі вокзалда аштықтан өлген. Бұл үрдіс 1936 жылға дейін жалғасқан [11].

Осы қиын-қыстау кезеңде Н.Нұрмақов қамқөңіл халқына қорған болды. БОАК Президиумының отырыстарында барған жерлерінде қазақтардың әлеуметтік құқықтарының қорғалуын, жұмысқа орналасуын қарастырып, тиісті шешімдер қабылдады. Батыс Сібір өлкесіндегі Кемерево, Новосибирск, Кузбасс, Сталинск қалаларында қазақ балаларына бастауыш сыныптарын ашу, жетім балаларды орналастыру, дәрігерлік көмек, Қазақстан үкіметімен байланыс жасап, мүмкіндігінше оларды елге қайтаруды ұйымдастырды. Н.Нұрмақовтың талабы бойынша оған жеткен толық емес мәліметке сүйенсек, 1935 жылы Барнаулда 90, Ключевскіде 120, Бердскіде 98, Славгородта 58, Сталинскіде 34 жетім қазақ баласы балалар үйіне орналастырылған. 1934 жылы Мәскеу облысы Сталиногорск қаласында (қазіргі Тула облысы Новомосковск қаласы – авт.) жетім және жалақысы аз қазақ отбасыларының балаларына мектебімен бірге 80 орындық балалар үйін ашу, оны жергілікті бюджеттен қаржыландыру туралы шешім шығарған БОАК Президиумы отырысының хаттамасында «Нұрмақов енгізген» деп көрсетіліпті.

Сайып келгенде Н.Нұрмақовтың Қазақстандағы ашаршылыққа қарсы күресі Ф.Голощекиннің қателіктерін ғана емес, жүргізіліп жатқан кеңестік реформалардың өзін ақтамағандығын әшкерелеу, коммунистік партияның саясатын ашық айыптау болатын. Бұл Сталин мен Орталық Комитеттің беделіне тиген зор нұсқан еді. Сталин мұны ұмытпады, 1937 жылы жаппай қуғын-сүргін кезінде Н.Нұрмақов бірінші болып айыпталды, оны «халық жауы» етіп көрсетуде ПХК сүйенген негізгі айғақтың бірі осы болды. 1929-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастырудың салдарлары, ашаршылық, халық наразылықтары қуғын-сүргін саясатын күшейткен себептердің біріне айналды. Кеткен қателіктер кезінде оған сын айтқандардың кінәсінен, олардың БК(б)П ОК-нің нұсқауларын әдейі орындамағандығынан, жергілікті басшылардың зиянкестік әрекетінен деп табылды. Осындай айыптаулар Н.Нұрмақовқа да тағылды. Тергеушілер жалған көрсетулер құрастырып, хаттамалар толтырды, айыпталушыларды азаптау, күш қолданылды.

1937 жылы 3 маусымда тұтқындалған күннен контрреволюциялық әрекетпен ешқашан айналыспағанын бірнеше мәрте айтқан Н.Нұрмақов арада 50 күннен өткенде, яғни 23 шілдедегі тергеуде «бар қылмысын мойындап», кең түрде айғақ «берді». Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы қателіктер, мал басының кемуі оның нақты себептерін Нұрмақовтың елемегенінен, тап жауларының қарсылығына көз жұмып қарағанынан, ұлтшылдар Н.Нұрмақов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Т.Жүргенов, С.Сәдуақасовтардың контрреволюциялық іс-әрекеттері партия ұйымының арасына іріткі салғандығынан болып шықты.

Ұжымдастыруға қарсы наразылықтардың барлығы Нұрмақовтың атымен байланыстырылды. Оның нұсқауымен 1931 жылы Сарысу, Сайрам, Қарқаралы аудандарында, Қарақұмда көтерілістер ұйымдастырылды, қой өсіретін кеңшарлардағы бүлдірушіліктер мал басының өлім-жітіміне әкелді, Қарағанды темір жолы мен Қарағанды көмір бірлестігінде зиянкестік, қастандық жұмыстары жүргізілді, Нұрмақов бұған А.Асылбековты, С.Қожановты, С.Сейфуллинді, Т.Жүргеновті, С.Сәдуақасовты, Ж.Аймауытовты, Ж.Сұлтанбековты, З.Төреғожинды, Ә.Өтекин т.б. тартты делінді [6].

Нұрмақов «контрреволюциялық ұлтшыл» Алашорда ұйымның ісін жалғастырды, Башкириядағы Валидовтың ізбасарларының, Татарстандағы ұлтшылдардың ісімен таныс болды, Қазақстандағы кеңеске қарсы ұйымды басқарды, Нұрмақов пен Рысқұловтың 1931 жылы Қазақстандағы ашаршылық туралы ортақ пікір, ортақ көзқарастары түркі халықтарының кеңеске қарсы жаңа топтарының пайда болуына қолайлы ахуал тудырды деген болжам жасалды. Мәскеуде Рысқұловтың басқаруымен Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан мен Дағыстандағы контрреволюциялық топтарды біріктірген ұлтшыл, лаңкестік, пантүріктік ұйым құрылды, оның басшылық құрамына Нұрмақов кірді, олар Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жоспарлады, Қазақстанды Кеңес Одағынан бөліп, Жапония мен Германияның протекторатындағы буржуазиялық-ұлтшыл мемлекет құру мақсатында Нұрмақов пен Рысқұлов оңшылдар Рыков пен Бухариннен кеңестер алды, КСРО басшылары Сталинге, Молотовқа, Ворошилов пен Кагановичке қарсы қастандық жасауды жоспарлады деген айыптар тағылды [6]. Қазақстандағы қуғын-сүргін Орталықтағы Н.Нұрмақов пен Т.Рысқұловтың атымен байланыстырылды.

Елім деп еңіреген ерлерді тарих ұмытпайды. Ұлтының мүддесі үшін басын бәйгеге тігіп, тоталитарлық жүйенің құрбаны болған, халқымыздың біртуар ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың тұғыры қашанда биік. Мұңдасы, Алаш қайраткері, ақын Мағжанның үніне құлақ түрсек:

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. ГА РФ. - Ф. 1235. - Оп. 45а. - Д. 1. - Л. 4.
2. ГА РФ. - Ф. 1235. - Оп. 45а. - Д. 1. - Л. 2-3.
3. ГА РФ. - Ф. 1235. - Оп. 30. - Д. 1. - Л. 1.
4. ГА РФ. - Ф. 1235. - Оп. 30. - Д. 1. - Л. 29.
5. Қабдөшев Б. Нығмет Нұрмақов және Қазақстандағы ашаршылық / Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары, 2015. - 85-88 бб.
6. Центральный архив ФСБ РФ. Дело по обвинению Нурмакова Н.Н. Р-8336.
7. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Өнер», 2003. – 552 б.
8. Махат Д. Қазақиялыларының қасіреті. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. – 304 б.
9. Шмидт Т.И. Время, люди и судьбы «Дома на набережной»: документальная повесть. М.: Возвращение, 2015. – 304 с.
10. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.3.: 1932-1934 / Отв. Редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, Атамұра, 2021.-1028 с.
11. <https://world-nan.kz/interview/aldazhumanov-kayidar-seyisembaevich-o-kollektivizatsii-v-kazakhstane>

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ПРОКУРАТУРЫ КАЗАХСТАНА

Олейник В.И., руководитель Антикоррупционной комплаенс-службы
Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова
Караганда, Казахстан
oleynik56@internet.ru

Прокуратура Казахстана прошла длительный путь становления и развития, у истоков которой стояли великие сыны казахского народа: Ныгмет Нурмаков, Шафхат Бекмухаметов, Мырзагул Атаниязов, Нуртаза Ералин, Канай Боранбаев, Садуакас Мамбеев, Жанайдар Садуакасов, Боран Айтмагамбетов, Сулеймен Ескараев, Шамухан Таукеханов, Жунис Корпебаев, Игнат Баранов, Асабай Мамытов, Константин Румянцев, Александр Набатов, Петр Кудрявцев, Утеген Сеитов и другие.

Читая биографию исторической личности Ныгмета Нурмакова, который родился 25 апреля 1895 года в Каркаралинского уезде Семипалатинской области видно, как много он сумел сделать для развития государственности и правовой системы Казахстана. В 1915 году Ныгмет Нурмаков после окончания Омской учительской семинарии возвращается в Каркаралинское русско-казахское училище и работает учителем. В феврале 1922 года он назначается заведующим Казахского краевого партийного комитета в Оренбурге. В октябре того же года возглавляет Высший трибунал. 1923 год Ныгмет Нурмаков - Народный комиссар юстиции, совмещает должности прокурора республики и Председателя суда КАССР. 1924 год - Председатель Совета народных комиссаров КАССР. Апрель 1929 года - заместитель секретаря Всесоюзного исполнительного комитета и заведующий отделом по работе с малочисленными народами. 1931-1937 годы зам. Секретаря ВЦИК, зав. Отделом Президиума ВЦИК, член Казкрайкома ВКП(б), ЦИК КАССР. 27 сентября 1937 года Ныгмет Нурмаков расстрелен по решению «тройки», реабилитирован в августе 1956 года [1;92].

Вот такой короткий, но яркий жизненный путь государственного и общественного деятеля Ныгмета Нурмакова, в этом году мы отмечаем его 130-летие со дня рождения и сегодняшняя конференция посвящена именно этому событию. Значимость этой конференции в том, что она внесет большой вклад в прославлении имени Ныгмета Нурмакова. Вопросы поднятые учеными, весьма актуальны и ценны, в докладах и выступлениях показаны все сложные этапы жизни Н. Нурмакова.